


Астана қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектеп

Бекітемін
Мәшһүр Жүсіп атындағы
№57 орта мектеп директоры
Г.Н.Сундетов 
«___» _____ 2023 ж.



Келісемін
Директордың тәрбие жұмысы
жөніндегі орынбасары
Аманкулова М.А. 
«31» 08 2023 ж.

2023-2024 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының
Ж О С П А Р Ы

Сыныбы 7 «Б»

Сынып жетекшісі: Еңбекші Менсұлу Сүйіндікқызы

**Мәшһүр Жүсіп №57 орта мектебінің 2023-2024 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасын»
жүзеге асыруға бағытталған 5-7 сыныптарға арналған жылдық жұмыс жоспары**

Тәрбие мақсаты:

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келсім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жаксылыққа игілікке бой түзеуге абыройлы болуға ар ұждан намыс, жауапкершілік мейірімділік қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға ойдың тазалығын және эмоционалдық тұрақтылыққа баулу
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу

Күтілетін нәтиже:

1. Ата –анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «жеті ата» «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл халқына адал қызмет етуді мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді салт дәстүрерді біледі оны сақтайды
3. Әр ісіне қадамына жауапкершілікпен қарайды әдепті және мейірімді сөзіне берік ісіне адал кішіге ізет үлкенге құрмет көрсетіледі, ар ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді эмоционалды жай күйін басқарады.
5. Тұратын үйін ауласын қаласын таза ұстайды қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды

ТӘРБИЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

АР – ҰЯТ

ТАЛАП

Ұлттық мүдде

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениетті жоғары бағалайды



Ар-ұят


-Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды

-сөзіне берік, ісіне жасауапкершілікпен танытады

-Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды

-Достарын, сыныптастарын сыйлайды

-Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді



Талап

- Жан мен тән тазалығын сақтайды
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды
- Ақпараттық медиа және қаржылық сауаттылық
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға



ҚЫРКҮЙЕК – «БІЛІМ» АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

	Іс-шаралар	Мерзімі	Аяқталу нысаны	Жауаптылар
1	«Әділетті Қазақстан: сапалы білім, адал ұрпақ,табысты ұлт»	Қыркүйек	Тәрбие сағаты Анықтама	
2	«Менің құқығым»	Қыркүйек 2023 жыл	Тәрбие сағаты Анықтама	
3	«Адам қасиеттерінің қазынасы»	Қыркүйек 2023 жыл	Тәрбие сағаты Анықтама	
4	«Білекті мынды жығар»	Тоқсан сайын	Интеллектуалды ойын Анықтама	

ҚАЗАН – «АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл ➤ Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап

1	«Қарты бар үйдің, қазынасы бар» қарттар күні	Қазан 2023 жыл	Анықтама Танымдық сағаты Тәрбие сағаты	
2	«Кітап білім бұлағы» (оқулықтарды ретке келтіру)	Қазан, 2023 жыл	Анықтама Сынып сағаты	
3	«25 қазан Республика күні»	Қазан 2023 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	

4	«Кітап сарқылмас бұлақ»	Қазан 2023 жыл	Анықтама Тәрбие сағаттары	
ҚАРАША – «ПОЭЗИЯ» АЙЫ				
➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні				
➤ Күзгі демалыс				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
1	«Тәрбие басы тал бесік» «Буллингке жол жоқ»	Қараша 2023 жыл	Анықтама Сынып сағаты Танымдық сағаты	
2	15 қараша - Ұлттық валюта күні «Абайлаңыз, балақай»	Қараша 2023 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты Танымдық сағаты	
3	«21 қараша Дүниежүзілік туберкулез ауруымен күрес күні»	Қараша 2023 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
4	«Бала құқығы туралы не білеміз?» «Зорлық зомбылықсыз әлем»	Қараша 2023 жыл	Анықтама Танымдық сағат	
ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»				
➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
1	«Қазақтың ұлттық тағамдары»	Желтоқсан 2023 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
2	«Салауатты ұрпақ тәуелсіздік тірегі»	Желтоқсан 2023 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
3	«Дені сау ұрпақ жарқын болашақ»	Желтоқсан	Тәрбие сағаты	

	«Буллинг деген жау»	2023 жыл	Танымдық сағат	
4	«Қош келдің, жаңа жыл!»	Желтоқсан 2023 жыл	Анықтама Мерекелік іс-шара	
ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ ➤ <i>Қысқы демалыс</i>				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
1	«Бакытты отбасы зорлық зомбылықсыз әлем»	Қаңтар 2024 жыл	Анықтама Дөңгелек үстел	
2	«Мемлекеттік рәміздер –ел мәртебесі»	Қаңтар 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаттары	
3	«Дені сау ұрпақ жарқын болашақ»	Қаңтар 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаттары	
4	«Оқушы тәртібінің жолдағы және көшедегі ережесі»	Қаңтар 2024 жыл	Анықтама Іс-шаралар	
АҚПАН – «ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» АЙЫ				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
1	«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы»	Ақпан 2024 жыл	Анықтама Өлкетану сағаты	
2	«Экология өмірдің соғып тұрған жүрегі»	Ақпан 2024 жыл	Анықтама Сынып сағаты	
3	«Дұрыс тамақтану денсаулық кепілі»	Ақпан	Анықтама	

		2024 жыл	Тәрбие сағаты	
4	«Табиғатты қорғайық»	Ақпан 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
НАУРЫЗ – «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ» АЙЫ ➤ 1 наурыз – Алғыс айту күні ➤ 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні ➤ 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы ➤ 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
1	1 наурыз – Алғыс айту күні «Токта,буллинг»	Жыл бойы	Анықтама Сынып сағаты Танымдық сағаты	
2	«Ана өмірдің гүлі»	Наурыз 2024 жыл	Ангықтама Тәрбие сағаты	
3	«Қош келдің, Әз Наурыз!»	Наурыз 2024 жыл	Ангықтама Тәрбие сағаты	
СӘУІР– «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» АЙЫ ➤ 12 сәуір - Ғылым күні				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
1	«Табиғатты қорғау біздің міндетіміз»	Сәуір 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
2	«Ақыл, ғылым, бақыт» 12 сәуір - Ғылым күні	Сәуір 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
3	«Дені саудың жаны сау» Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа	Сәуір 2024 жыл	Анықтама Эстафеталық ойындар	


	әсері			
4	«Ұлттық тәрбие ұлт болашағы»	Сәуір 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
МАМЫР – «БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ» АЙЫ ➤ 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні ➤ 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні ➤ 9 мамыр-Жеңіс күні ➤ 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ➤ Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл				
Құндылықтар: Ұлттық мүдде (Отан), Ар-ұят, Талап				
1	1 мамыр Қазақстан Халықтарының бірлігі күні «Ынтымақ-достық кепілі!»	Мамыр 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	
2	7, 9 мамыр - Отан қорғаушылар күні. «Ұранды ердің - ұрпағы кайсар»	Мамыр 2024 жыл	Анықтама Дөңгелек үстел	
3	«Менің берік отбасым» 15 мамыр отбасы күні	Мамыр 2024 жыл	Анықтама Тәрбие сағаты	

«Бекітемін»

Мәшһүр Жүсіп атындағы

№57 орта мектеп директорының

тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

 М.А.Аманкулова

7 «Б» сынып жетекшісінің оқушылармен жұмыс жоспары

2023-2024 оқу жылы

№	Іс - шаралар	Орындау мерзімдері	Ұйымдастыру түрі	Аяқтау нысандары
1	«Мектебім – мейірім мекені»	қыркүйек	Тәрбие сағаты	Бейнеролик
2	Тахауи Ахтановтың туғанына 100 жыл	қазан	Дөңгелек үстел	Фото, анықтама
3	«Денсаулық және дұрыс тамақтану мәдениеті»	қараша	Эссе жұмыс	Фото, анықтама
4	16 желтоқсан-ҚР Тәуелсіздік күні	желтоқсан	Сынып сағаты	Фото, анықтама
5	«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа әсері»	қаңтар	Дөңгелек үстел	Фото, анықтама
6	«Мәңгілік ел» ұлттық идея құндылықтары	ақпан	Жазба жұмыс	Фото, анықтама
7	Аналар-асыл жандар	наурыз	Мерекелік концерт	Жоспар, фото
8	Қоғам игілігіне қызмет ету»	сәуір	Дөңгелек үстел	бейнеролик
9	«Ешкімде ұмытылмайды, ешнәрседе ұмыт қалмайды»	мамыр	Сынып сағаты	Бейнеролик, фото



АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

№	Жүргізілетін жұмыс	Мерзімі	Ескертпе
1	Оқушылардың үйін аралап, ата-аналармен жұмыс жасау. Жаңа оқу жылына дайындығын тексеру	қыркүйек	
2	Ата-аналар жиналысын өткізу	Оқу жылының басында	қыркүйек
		I тоқсанның соңында	қараша
		II тоқсанның соңында	қаңтар
		III тоқсанның соңында	наурыз
		IV тоқсанның соңында	мамыр
3	Ата-аналар комитетін сайлау	қыркүйек	
4	Ата-аналардың сабаққа қатысуын ұйымдастыру	жоспар б\ша	
5	Оқушылардың үйін аралау	тамыз-қыркүйек, наурыз	
6	Ата-анамен оқушы күнделігі арқылы байланысып отыру	үнемі	
7	Ата-аналарға баяндамалар оқу	жоспар б\ша	
8	Үлгілі ата-аналармен тәжірибе алмасу	үнемі	

Ата-аналар комитетінің жылдық жоспары

№	Жүргізілетін жұмыс	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналар комитетінің өткен жылының есебі. Ата-аналар кеңесінің 2023-2024 оқу жылына құрамын сайлау, жылдық жұмысының жоспарын бекіту.	қыркүйек	ата-аналар, сынып жетекшісі
2	Ата-аналар комитетінің отырысы. Ағымдағы мәселелер.	тоқсан сайын	ата-аналар комитеті, сынып жетекшісі
3	Мектепте өтілетін іс-шаралармен уақытында хабардар болып отыру. Ағымдағы мәселелер.	жыл бойы	ата-аналар, ата-аналар комитеті, сынып жетекшісі
4	Ата-аналарды тәрбиелік іс-шараларға қатыстыру.	жыл бойы	ата-аналар, ата-аналар комитеті, сынып жетекшісі

Сынып ата-аналар жиналысының жылдық жоспары

КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР		ЖАУАПТЫ	МЕРЗІМІ
I жиналыс			
1	Баяндама: Баланың оқуға деген ынтасын қалай арттыруға болады?	сынып жетекшісі	жоспар бойынша
2	Өткен оқу жылы туралы ата-аналар комитетінің есебі және комитеттің жаңа құрамын сайлау	сынып жетекшісі ата-аналар	
3	Біртұтас тәрбие бағдарламасы	сынып жетекшісі	
4	Оқушылардың қауіпсіздік техникасы	сынып жетекшісі	
5	Ағымдағы мәселелер	сынып жетекшісі ата-аналар	
II жиналыс			
1	Баяндама: Баланың бас ұстазы – ата-ана.	сынып жетекшісі	жоспар бойынша
2	I тоқсан қорытындысы туралы сынып жетекшінің есебі	сынып жетекшісі	
3	Оқушылардың қауіпсіздік техникасы	сынып жетекшісі ата-аналар	
4	Ағымдағы мәселелер	сынып жетекшісі ата-аналар	
III жиналыс			
1	Баяндама: Мектеп, ата-ана және оқушы арасындағы жан-жақты қарым-қатынас.	сынып жетекшісі	жоспар бойынша
2	II тоқсан қорытындысы туралы сынып жетекшінің есебі	сынып жетекшісі	
3	Оқушылардың қауіпсіздік техникасы	сынып жетекшісі ата-аналар	
4	Ағымдағы мәселелер	ата-аналар сынып жетекшісі	
IV жиналыс			
1	Баяндама: Жалпы адамзаттық құндылықтар отбасылық тәрбиенің негізі.	сынып жетекшісі	жоспар бойынша
2	III тоқсан қорытындысы туралы сынып жетекшінің есебі	сынып жетекшісі	
3	Оқушылардың қауіпсіздік техникасы	сынып жетекшісі ата-аналар	
4	Ағымдағы мәселелер	ата-аналар сынып жетекшісі	
V жиналыс			
1	Баяндама: Бала еңбегін бағалау.	сынып жетекшісі	жоспар бойынша
2	IV тоқсан қорытындысы туралы сынып жетекшінің есебі	сынып жетекшісі	
3	Оқушылардың қауіпсіздік техникасы	сынып жетекшісі ата-аналар	
4	Ағымдағы мәселелер	ата-аналар сынып жетекшісі	

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебі 7 «Б» сынып оқушыларының
ата-аналары жиналысының 22.09.2023ж**

№1 Хаттамасы

Тақырыбы: «Ұлттық құндылықтарды дәріптеу- ұрпақ алдындағы міндетіміз»

Өткізу форматы: офлайн

Жалпы 26 оқушы. 16 ұл, 10 қыз.

Қатысқандар: 15

Қатыспағандар: 11

Себепті: 8

Сынып жетекші: Еңбекші М.С.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы жоспармен таныстыру.
(Демалыстан кейінгі оқушылардың үлгерімі)
2. Жол ережесінің қауіпсіздігі жайында

Тыңдалды:

1. Оқушының сабақтан себепсіз қалуға болмайтынын және бір күн сабаққа келмеген жағдайда түсініктеме жазуын және ауырып қалған жағдайда мектепке анықтамамен келуі керектігі.
2. Жол ережесінің қауіпсіздігі жайында және мектепке қажетсіз заттарды әкелмеу мысалы: шемішке, лезвие, пышақ т.б.
3. Мектепке құнды заттар әкелмеуге және жоғалған жағдайда мектеп әкімшілігі жауапты емес екені ескертілді.
4. Мектеп мүлкіне ұқыптылықпен қарауы және бүлдірген жағдайда оны жөндеу керектігі айтылды.
5. Оқушының мектепке келгенде ауыстыратын екінші аяқ киімі болуы керек.
6. Ағымдағы мәселелер, қосымша ата-аналар тарапынан туындаған сұрақтар талқыланды.
7. Қосымша сұрақтар талқыланды.

Жиналыстың қаулысы:

1. Айтылған мәселелерді орындау, ата-аналар тарапынан бақылау орнату, қадағалау.
 2. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұйымдастыру.
 3. Ата-ана комитеті сайланды. (дауысқа салу арқылы)
- Ата-ана комитетінің мүшесі: Оспанова Алия Тулеубаевна
Көмекшісі: Бейсеева Майра Берикказиевна

Жиналыстың төрайымы: Еңбекші М.С.

Жиналыстың хатшысы: Оспанова А.Т.

**Мәшһүр Жүсіп атындағы №57 орта мектебі 7 «Б» сынып оқушыларының
ата-аналары жиналысының 03.11.2023ж**

№2 Хаттамасы

Тақырыбы: «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу»

Өткізу форматы: офлайн. 213 кабинет.

Жалпы 26 оқушы. 16 ұл, 10 қыз.

Қатысқандар: 13

Қатыспағандар: 13

Себепті: 10

Сынып жетекші: Еңбекші М.С.

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. I тоқсан қорытындысы.
(оқушылардың үлгерімі)
2. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдыналу.
3. Ата-аналардан бала тәрбиесі жайында сауалнама алу.
4. Оқушылардың сабаққа қатысу жағдайы.
5. Қазіргі заманға терроризм мен діни экстремизмнің қауіпіне қарсы тұрудың өзектілігі жөнінде түсіндіру.
6. Үйірмелер мен спорттық секциялар.
7. Түрлі мәселелер(техника қауіпсіздігі және т.б.)

Тыңдалды:

2. Оқушылардың I тоқсандағы сабақ үлгерімі жайында айтылды.
3. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдыналу жайлы түсіндірілді.
4. Мектептегі үйірмелер жайлы айтылды.
5. Демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережелері және техника қауіпсіздігі жайлы айтылды.
6. Оқушының мектепке келгенде ауыстыратын екінші аяқ киімі болуы керек.
7. Ағымдағы мәселелер, қосымша ата-аналар тарапынан туындаған сұрақтар талқыланды.
8. Қосымша сұрақтар талқыланды.

Жиналыстың қаулысы:

1. Айтылған мәселелерді орындау, ата-аналар тарапынан бақылау орнату, қадағалау.
2. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұйымдастыру.

Ата-ана комитетінің мүшесі: Оспанова Алия Тулеубаевна

Көмекшісі: Бейсеева Майра Берикказиевна

Жиналыстың төрайымы: Еңбекші М.С.

Жиналыстың хатшысы: Оспанова А.Т.

2023-2024 оқу жылы
КММ «Мәшһүр Жүсіп» атындағы №57 орта мектебінің
7 «Б» сыныбының
Ата - аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама № 3

05. 01. 2024 ж.

Жалпы 26 оқушы.

Қатысқаны: 16 ата-ана

Қатыспағаны: 10 ата-ана.

Себепті: 5

Күн тәртібінде:

- 1) Тақырыбы: «Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық»
- 2) II тоқсан қорытындысы
- 3) Әлеуметтік желідегі интернет ойындар және т.б қауіпті ойындар жөнінде түсіндіру, ата-аналарға балаларды бақылауды күшейтуді ескерту.

Түрлі мәселелер (қысқы демалыс және техника қауіпсіздігі, оқушылардың үйірме, секцияларға қатысуындағы қауіпсіздігі т.б).

«Мектеп пен отбасы арасындағы ынтымақтастық» туралы-бүгінгі таңда тұрған басты міндеттердің бірі – баланың тәрбиесі. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Оқушылар демалысқа шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтап отырған жөн. «Ел болам десек, бесігінді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізеді.

Хатшы: 2-ші сұрақ - II тоқсан қорытындысы бойынша «5»-ке үздік: 4 оқушы
12 оқушы - «4» пен «5»-ке оқитын оқушылар.

Білім сапасы: 56% туралы ата-аналарды хабардар еттім.

Әлеуметтік желідегі интернет ойындар және т.б қауіпті ойындар жөнінде түсіндіру, ата-аналарға балаларды бақылауды күшейтуді ескерту. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын ролі аса зор. Олар бала өмірінде «құрастырушылар, жобалаушылар және құрылысшылар» болып табылады. Бала тәрбиесінің мәселелерін толықтырып, анықтауға

2023-2024 оқу жылы
КММ «Мәшһүр Жүсіп» атындағы №57 орта мектебінің
7 «Б» сыныбының

Ата - аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама № 4

29. 03. 2024 ж.

Өткізу форматы: офлайн

Жалпы 26 оқушы.

Қатысқаны: 14 ата-ана

Қатыспағаны: 12 ата-ана.

Себепті: 7

Күн тәртібінде:

- 1) Тақырыбы: «Балалар мен ата-аналар арасындағы достық пен серіктестікті нығайту»
- 2) III тоқсан қорытындысы
- 3) Әлеуметтік желідегі интернет ойындар және т.б қауіпті ойындар жөнінде түсіндіру, ата-аналарға балаларды бақылауды күшейтуді ескерту.

Түрлі мәселелер (көктемгі демалысты ұйымдастыру және мектептегі іс-шараларға қатысуы, себепсіз сабақтан қалмауы т.б).

Хатшы: 1-ші сұрақ «Әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны» туралы-бүгінгі таңда тұрған басты міндеттердің бірі – балалар мен жасөспірімдер арасында түрлі интернет желілерге кіріп, ойындар ойнап, сабаққа зейін қоя алмай жатады.. Бұл мәселе қазіргі таңда көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Оқушылар демалысқа шығып, мектеп сабағы мен үй тапсырмасынан қолдары босағанда, жоғарыда айтылған ережелерді барлығы бірдей сақтап отырған жөн. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деп атам қазақ айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне мән беріп, бос уақыттарында немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында уақытын зая кетірмей білімінің жоғарлауына көп септігін тигізеді.

Хатшы: 2-ші сұрақ - III тоқсан қорытындысы бойынша «5»-ке үздік:
5 оқушы.

12- оқушы- «4» пен «5»-ке оқитын оқушылар тізімі:

Білім сапасы: 61 % туралы ата-аналарды хабардар еттім.






Хатшы: 3-ші сұрақ. Әлеуметтік желідегі интернет ойындар және т.б қауіпті ойындар жөнінде түсіндіру, ата-аналарға балаларды бақылауды күшейтуді ескерту. Ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын ролі аса зор. Олар бала өмірінде «құрастырушылар, жобалаушылар және құрылысшылар» болып табылады. бала тәрбиесінің мәселелерін толықтырып, анықтауға көмектесті. Оқушылардың сабаққа қатысу жағдайы

**Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі мен оқушылардың
жүріс- тұрысы**

Оқушылар назарына! Қауіпсіздік ережелерін есте сақта! Бос қалған, бұзылған үйлерге баруға, жақындауға болмайды; Далада, үйде, қоғамдық жерлерде тәртіп бұзбай, өздерін дұрыс ұстаулары керек; Өрт, су, жағажайға жалғыз бармау, тоғайға жалғыз бармау, жолда жүру ережелерін сақтау керек; Кешкі сағат 21.00-ден кейін көшеде жүруге болмайды; Танымайтын адаммен еріп кетуге немесе бөгде техникаға отыруға болмайды; Басқа жаққа қыдырып кеткен жағдайда мектеп әкімшілігіне не сынып жетекшіге хабарлау керек; Жасөспірімдерді дүкендерге спирттік ішімдіктерді алуға, спирттік ішімдіктерді ішуге, есірткілік заттарды қолдануға болмайды.

Ата- аналар назарына! Каникул кезінде балалардың демалысын қамтамасыз ету үшін, оқушылар мен ата-аналар техника қауіпсіздігін қатаң түрде бақылап, орындауы қажет. Денсаулыққа зиян келтіретін жағдайларды болдырмау мақсатында өрттен сақтану, көшеде жүру ережелерін қатаң сақтап, ересек адамдарсыз ауылдан тыс жерлерге шығуға тыйым салыну керек. Жол бойында қимыл- ойындарын ойнауға тыйым салынған жөн. Ауыл жанынан өтетін автомашина трассасының бойында оқушылардың белгіленген жерлерден өтуін қадағалап, бақылау керек. Күз мезгілінің ерте түскеніне байланысты өзендер мен көлдердің бетін жапқан мұздар өте қауіпті болып келеді. Бұл мұзды басуға болмайды. Күзгі мұз адам басқан салмағынан шатырлап, қауіп туралы ескертеді. Электр тогы жүретін трансформаторлардан сақтану. Құрылыс алаңының маңынан өткенде қауіпсіздікті сақтап, көшеде бос жүрген иттерден сақтандырып, олардың қырағы болуын қадағалаған жөн. Сонымен қатар әрбір ата- ана балалардың есіне оларға не істеу керектігін үнемі естеріне салып отыруы керек. Тыйым салынған жағдайларды болдырмауға тырысу қажет. Демалыс кезінде балалардың өмірі мен денсаулығына ата- аналар жауапты. Балаларыңызды қадағалаңыздар, тәртіпсіздікке бой алдырмаңыздар, балаңыздың денсаулығы мен амандығына ата-ана тікелей жауапты!

Күзгі демалыс кезіндегі қауіпсіздік ережесі

№	Оқушының аты-жөні	Таныстым
1	Аблахова Жасия Ерлановна	
2	Айту Ерасыл Айтбекұлы	танымал
3	Әбділхаді Бақмұхаммед Әбілқасымұлы	танымал
4	Әбілхан Еңлік Асылханқызы	танымал
5	Базен Аяулым Дәулетқызы	
6	Бексұлтан Асанәлі Талғатұлы	
7	Бисақан Айсара Аңсағанқызы	
8	Жүсіпжан Бейбарыс Есмұхаммедұлы	танымал
9	Жұман Меруерт Амангелдіқызы	танымал
10	Қамарбекова Інжу Нұржанқызы	
11	Қиакпай Санжар Бахытжанұлы	
12	Қожасов Айшуақ Серғазыұлы	танымал
13	Құрал Тәуекел Рахатұлы	
14	Мейрхан Айнұр Еркебұланқызы	
15	Мусин Тамерлан Бахтиярович	
16	Мұратбай Балнұр Есенбекқызы	танымал
17	Мүсалі Мухаммед Ерболұлы	
18	Нуржанқызы Балжан	
19	Рахметжан Нұрхан Мұратұлы	
20	Сейткаримов Даулетхожа	
21	Серік Диас	
22	Серік Мұхаммедәлі Шынболатұлы	
23	Советхан Мейіржан Ғабидінұлы	
24	Султан Абуталіп Талғатбекұлы	
25	Толабек Абдурахман Нұрланұлы	
26	Тұрсынхан Айназ	танымал
27	Ырысбеков Ибрагим Русланович	танымал

Сынып жетекшісі: Еңбекші М.С.

**Оқушылардың қысқы демалыс кезіндегі мінез-құлық ережесі
мен техникалық қауіпсіздігі бойынша нұсқаулық**

1. Көшеде жолдан өту кезінде, жол жүру ережелерін сақтап, мұқият болу керек;
2. Су бетінде серуендеу кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.
 - Үй - жай маңында от жағуға тыйым салынады.
 - Мұз үстінде абай болу. Мұздың 15 см. қажетті қалыңдығы болмаған жағдайда оның үстіне шығуға болмайды.
 - Шаңғы, коньки, шанамен абайлап қолданған жөн.
 - Теріні үсітіп алмау үшін ауаның температурасы өте төмен болған жағдайда серуенге шықпаған жөн.
1. Өз денсаулығыңыздың қамын ойлаған дұрыс: тұмау мен салқын тиудің алдын алу шараларын қолдану.
2. Электр құралдары: теледидар, электр үтік, шәйнек және т.б. тоққа қосып, ажырату кезінде техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтап, абай болу қажет.
3. Газ құралдарын қолдану барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет.
4. Теледидар көру, компьютермен жұмыс жасау кезінде уақыт тәртібін сақтау қажет.
5. Үлкендердің рұқсатынсыз ойын-сауық орталықтарына баруға тыйым салынады.

Жаңа жылды қарсы алу кезінде Қытайдың және шет елдерден әкелінген заңсыз, лицензиясы жоқ жанғыш, жарылғыш заттарды, бенгаль от шашуларын пайдалануға және басқа да өрт шығаратын заттарды (пиротехникалық бұйымдарды) қолдануға қатаң тиым салынады.

Ата-ананың қарауынсыз 22.00-ден кейін көшеге жүруге тыйым салынады.

«Көктемгі демалыс кезіндегі оқушылардың қауіпсіздік және тәртіп ережелері».

1. Жолда жүру ережелерін сақта!!!.
2. Мұз үстіндегі қауіпсіздік ережелерін сақта..
3. Оқушылардың құқық бұзушылықтың алдын алу.

№ 1 Нұсқаулық.

Жол қозғалысының ережелері

1. Жолды көрсетілген жаяу жүргіншілер жолы немесе бағдаршам орнатылған жерде жүр. Жолды бағдаршамның жасыл түсіне жүр.
2. Жол жүргенде , алдымен солға, содан кейін оңға қарай қара.
3. Егер бағдаршам болмағанда жолды жол қиылысында өт. Көшені қиғаш емес, түзу өту қажет.
4. Жақын келе жатқан көліктің алдында жолдан өтпе .
5. Жолдың үстінде ойнауға қатаң тыйым салынады .

№2 нұсқаулық.

Мұздағы қауіпсіздік ережелері

1. Мұзға шықпаңыз, мұз тесіктерін, мұздың жиектерін айналып өтпеңіз.
2. Шаңғы мен шана тебуді бейтаныс жерде жартастардан жұқа, әлсіз мұзға шықпаңыз.
3. Мұздың күшін соққымен сынамаңыз.
4. Қауіпті су объектілері жанында жеке серуендеуден аулақ болыңыз.
5. Мұздың күзде және көктемде жұқа екенін ұмытпаңыз.

№3 нұсқаулық.

Оқушылардың құқық бұзушылықтың алдын алу.

1. Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін бұзбау.
2. Достарыңның арасында тәртіп бұзбау
3. Кешкі сағат 22.00 ден кейін беймезгіл жүрмеу, тәртіптік шара қолданылады.